Издается с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

20 октября
2023 года
ПЯТНИЦА
№ 84-85 (1581-1582)

Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в sarangazeti, sarangazetikaz, sarangazeti

Республика күні 25 қазан

## Республика күні 25 қазан

### ҚҰРМЕТТІ САРАН ҚАЛАСЫ МЕН АҚТАС КЕНТІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

Баршаңызды ұлттық мереке – Республика күнімен құттықтаймыз! Бұл мереке – жалпыұлттық бірлік пен Қазақстанымыздың бүгіні мен болашағы үшін ортақ азаматтық жауапкершіліктің нышаны.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп, елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке.

Біз Әділетті Қазақстанды құруға кірістік. Барша қазақстандықтар белсене атсалысқанда ғана осы игі мақсатқа қол жеткізе аламыз. Себебі мемлекеттің тірегі де, басты байлығы да – азаматтар!».

Саран қаласының тұрғындары күнделікті еңбектері арқылы еліміздің жалпы табысына зор үлес қосуда.

Біздің шаһарда тұрғын үйлер мен жолдар салынуда, аулалар мен саябақтар көркейтілуде, жұмыс орындары ашылып, мемлекет тарапынан көрсетілетін барлық әлеуметтік қорғау шаралары қамтамасыз етілуде.

Біздің тараптан өскелең ұрпақтың жақсы білім алуына, спортпен шұғылдануына, туған елінің көп ұлтты халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеп үйренуіне жағдай жасалуда.

Сізге және сіздің жақындарыңызға бейбітшілік, жақсылық, бақыт, зор денсаулық пен амандық, еңбекте табыс және Отанымыздың игілігі үшін жаңа жетістіктер тілейміз! Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы желбірей берсін!

**Е. БАУЛЫКОВ,**
**Саран қаласының әкімі**

**Ө. БАЙМАҒАНБЕТОВ,**
**Саран қалалық мәслихатының төрағасы**

### УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ГОРОДА САРАНИ И ПОСЁЛКА АКТАС!

Поздравляем вас с национальным праздником – Днём Республики!

Этот праздник – символ национального единения и общей гражданской ответственности за настоящее и будущее нашего Казахстана.

Как отметил Глава государства Касым-Жомарт Токаев: «День Республики – яркий праздник, призванный возвысить дух народа, укрепить государственность, упрочить наше единство и солидарность.

Мы приступили к построению Справедливого Казахстана. Эта высокая цель может быть достигнута только при активном участии всех казахстанцев, потому что главная опора и самое большое богатство государства – это граждане!»

Жители Сарани своим каждодневным трудом вносят весомый вклад в общий успех страны.

Мы строим жилье и дороги, благоустраиваем дворы и парки, создаём рабочие места, обеспечиваем все меры социальной защиты, предусмотренные государством.

Создаем условия для того, чтобы подрастающее поколение получило хорошее образование, имело возможность заниматься спортом, училось с уважением относиться к традициям и обычаям многонационального народа родной страны.

Примите искренние пожелания мира, добра, счастья, крепкого здоровья и благополучия вам и вашим близким, успехов в труде и новых свершений на благо нашей Родины! Пусть гордо реет государственный Флаг Республики Казахстан!

**Е. БАУЛЫКОВ**
**аким города Сарани**

**О. БАЙМАГАНБЕТОВ,**
**председатель Саранского городского маслихата**

## РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Республика күні 25 қазан

# ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢДЕ ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі

**2023 жылы 18 қазанда отбасылық құндылықтарды насихаттау, ұлттық салт - дәстүрлерімізді жаңғырту, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыру мақсатында «Тіл-қазына» әлеуметтік жобасы аясында Тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен «Үлгілі отбасы» облыстық байқауы өтті.**




Байқау екі кезеңнен тұрды. Бірінші кезең - іріктеу, екінші кезең – қорытынды. Қазылар алқасының шешімі бойынша іріктеу кезеңінен Саран қаласынан Байхадамовтар отбасы өтіп, қорытынды кезеңге жіберілді.

Қорытынды кезең төрт бөлімнен тұрды. Бірінші кезеңде отбасы мүшелерінің қатысуымен сахнада өнер көрсетілді. Әр отбасы мүшесінің қатысқаны бағаланды. Бұл кезеңде Байхадамовтар отбасы өздерін әнмен таныстырып, үйдің тұңғыш қызы – би билеп, отбасының келіні – Фариза өзінің қолынан шыққан қазақ халқының мол қолөнер бұйымдарымен таныстырды. Қазылар алқасының алдына құрақ көрпе, қоржын, тойбастар сияқты бұйымдарын ұсынды. Үйдің қариялары Аман ата мен Қарлығаш әже баталарын берді.

Екінші кезеңде, яғни отбасы «Үлгілі отбасы» болуға не үшін лайық екенін көрсететін кейсін немесе Заңын қорғап шықты. Бұл кезеңде Байхадамовтар отбасы – салауатты өмір салтын ұстанатын, спорт бойынша қалалық, облыстық, республикалық деңгейде нәтижеге жеткенін, нағыз домбырашы, биші, он саусақтарынан өнер тамған отбасы екенін дәлелдеді.

«Шағын мемлекеттің мәселесі» атты үшінші бөлімде осы кезеңге дейін өткен 6 отбасыға ситуациялық тапсырмалар берілді. Қатысушы отбасы берілген мәселені шешті. Бұл кезеңде де Саран қаласынан барған - Байхадамовтар отбасы өз білімдерін жоғары деңгейде көрсете білді.

«Жеңімпаздар жекпе-жегі» атты соңғы кезеңде қалған үш отбасы танымдық сұрақтарға жауап берді. Сұрақтар қазақ ұлтының мәдениеті, әдебиеті, тарихы, дәстүрі, тіліне қатысты болды. Қортытынды көрсеткіш бойынша барлық кезеңде алға шыққан Байхадамовтар отбасы 1-орынға ие болып, жеңімпаз отбасына 600 мың теңге ақшалай сертификат табысталды.

Жеңімпаз отбасының атасы – Байхадамов Аман Зекенұлы – 20 жыл бойы бас имам болып жұмыс істеген. Қазіргі кезде - зейнеткер. Әжесі – Бектемисова Қарлығаш Тілеукенқызы тігінші болып жұмыс атқарған. Үйдің кенжесі, киелі шаңырақтың иесі – Байхадамов Арман Аманұлы Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінде дене тәрбиесі және спорт мұғалімі болып жұмыс істейді. Арманның жары, отбасының келіні – Шинкен Фариза Қанатқызы көп балалы ана. Қолөнермен айналысады. Отбасы екі ұл, екі қыз тәрбиелеп отыр. Қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі іс-шараларға қатысып жүрген үлгілі отбасы.

# Қарағанды облысы Саран қаласында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша қайтадан конкурс өткізу туралы ХАБАРЛАМА

2023 жылғы 20 қазан

2023 жылғы 20 қараша күні сағат 10.00-де Қарағанды облысы, Саран қ., Жамбыл көш. 67 мекенжайында орналасқан әкімдік ғимаратында шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша қайтадан конкурс өткізу.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар беріледі:

1. Конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
2. Конкурстық ұсыныс;

Конкурсқа қатысу үшін өтінімді қабылдау және тіркеу 2023 жылғы 06 қарашадан 2023 жылғы 17 қараша сағат 17:00-ге дейін, Қарағанды облысы, Саран қ., Жамбыл к-сі 67 (1 қабат, 110 кабинет) мекенжайында орналасқан «Саран қаласының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» ММ-де жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысуға өтінім, өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанша, қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Конкурсқа Қазақстан Республикасының белгіленген тәртіпте тіркелген мемлекеттік емес заңды тұлғаларымен (шетелдік заңды тұлғалардан, сондай-ақ жарғылық капиталында шетелдіктердің,шетелдік заңды тұлғалардың, азаматтығы жоқ тұлғалардың үлесі елу пайыздан астамынқұрайтын заңды тұлғалардан басқа) Қазақстан Республикасының азаматтары ақпараттық хабармен орнатылған мерзімінен кешіктірмей конкурсқа қатысуға өтінім рәсімделген жіберіледі.

Конкурсқа төмендегі кестеде көрсетілген келесі жер учаскелері шығарылады:

| Лот № | Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы (алқаптың түрі және құрамы, балл бонитет) | Алаңы, га | Жалдау мерзімі, жыл | Жер учаскесінің орналасқан жері, кадастрлық нөмірі | Сумен қамтамасыз етілуі | Аймақтың ауыл шаруашылығы мамандандыуы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | Жайылымдар-40,0 га, оның ішінде Соқыр өзенінің су қорғау аймағында-17,5 га, бонитет баллы -20 | 40,00 | 5 | Қарағанды облысы, Саран қаласы | қамтамасыз етілмеген | Мал шаруашылығы |
| 2 | Жайылымдар – 14,0 га, оның ішінде Соқыр өзенінің су қорғау аймағында-14 га, бонитет баллы -20 | 14,00 | 5 | Қарағанды облысы, Саран қаласы | қамтамасыз етілмеген | Мал шаруашылығы |

Конкурсты ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфра құрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №19893 болып тіркелген) бекітілген, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және 2023 жылғы «20» қараша күні сағат 10-00 дейін ашуға болмайды деген сөздер жазылады (ашудың нақты күні көрсетіледі).

Қосымша ақпаратты Қарағанды облысы, Саран қаласы, Жамбыл к-сі 67 (1 қабат, 110 кабинет) мекенжайында орналасқан «Саран қаласының ауыл шаруашылығы, жер қатынастары және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесінен алуға болады. Байланыс телефондары: 8 (72137) 74033, 73924, электрондық мекенжай Sar_predprinimatel@krg.gov.kz

# ИЗВЕЩЕНИЕ о проведении повторного конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства в городе Сарани Карагандинской области

20 октября 2023 года

20 ноября 2023 года в 10-00 часов в здании акимата, расположенного по адресу: Карагандинская область, г. Сарань, ул. Жамбыла, 67 состоится повторный конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства. Для участия в конкурсе подаются следующие документы:

Заявка на участие в конкурсе;
Конкурсное предложение.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе будут осуществляться с 06 ноября 2023 года до 17:00 часов 17 ноября 2023 года в ГУ «Отдел сельского хозяйства, земельных отношений и предпринимательства города Сарани», расположенного по адресу: Карагандинская область, г. Сарань, ул.Жамбыла, 67 (1-й этаж, кабинет 110). Заявка на участие в конкурсе подается на бумажном носителе нарочно либо по почте или посредством веб-портала «Электронного правительства» до окончания срока представления заявок. Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

1) для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его местонахождение, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

2) для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

3) местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

4) конкурсное предложение;

5) обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

К конкурсу допускаются граждане Республики Казахстан и негосударственные юридические лица, зарегистрированные в установленном порядке, кроме иностранных юридических лиц, а также юридических лиц, в уставном капитале которых доля иностранцев, лиц без гражданства, иностранных юридических лиц составляет более чем пятьдесят процентов) оформившие заявку на участие в конкурсе в срок, не позднее установленного извещением

На конкурс выставляются следующие земельные участки, указанные в нижеприведенной таблице:

| № лота | Краткая характеристика земельного участка (состав и виды угодий, балла бонитета) | Площадь, га | Срок аренды, лет | Месторасположение земельного участка, кадастровый номер участка) | Водо - обеспеченность | Сельскохозяйственная специализация региона |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | пастбища – 40,0 га, в том числе в водоохраной зоне реки Сокур 17,5 га, балл бонитет –20 | 40,00 | 5 | Карагандинская область, город Сарань | Не обеспечено | Животноводство |
| 2 | пастбища – 14,0 га, в том числе в водоохраной зоне реки Сокур 14 га, балл бонитет –20 | 14,00 | 5 | Карагандинская область, город Сарань | Не обеспечено | Животноводство |

Конкурсное предложение должно содержать:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологии, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «Электронного правительства».

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до: 10-00 часов «20» ноября 2023 года (указывается точная дата).

Дополнительную информацию можно получить в государственном учреждении «Отдел сельского хозяйства, земельных отношений и предпринимательства города Сарани», расположенного по адресу: Карагандинская область, г. Сарань, ул.Жамбыла 67 (1-й этаж, кабинет 110). Контактные телефоны: 8 (72137) 74033, 73924, электронный адрес: Sar_predprinimatel@krg.gov.kz .

## РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА - КО ДНЮ РЕСПУБЛИКИ

# РЕСПУБЛИКА КҮНІ – ЕЛ МЕРЕКЕСІ



А. Нурмаханова,
Архивист

**Жер бетінде көптеген керемет елдер бар, адамдар барлық жерде тұрады, бірақ Қазақстан – ерекше ел өйткені ол біздің Отанымыз.**

Республика күні алғаш рет мемлекеттік мереке болып 1995 жылы қазанда жарияланды. 25 қазан Республика күні болып кездейсоқ таңдалған жоқ. 1990 жылдың дәл осы күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесінің №307-XII жарлығымен Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданған болатын. Декларацияда Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының егемендігі жарияланып, Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі саяси-құқықтық негіздері жарияланды. Егемендi мемлекеттiлiктiң iргелi қағидаттары ретiнде Қазақстанның жеке территориясы, азаматтығы, мемлекеттiк бюджетi, халықаралық қатынастардағы дербестiгi, мемлекеттiк рәміздерi бекiтiлдi. Ал 2009 жылы аталған заңға өзгерістер енгізілді. Сөйтіп, 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституциясы күні, ұлттық мереке болып жария етілді. Ал Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып тасталды және бұл әдеттегі жұмыс күніне айналды. Әйтсе де, 2022 жылдың 16 шілдесінде Ұлттық құрылтайда Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күнін қайтаруды ұсынды. Бұл - тарихи және өте маңызды шешім. Еліміздің тәуелсіздігі шынымен де осы күннен басталады. Сондықтан бұл күнді мемлекеттік мереке ретінде бекіту мемлекеттілік пен егемендік тұрғысынан маңызды қадам болып табылады

25 қазан біздің елде Республика күні атап өтіледі. Бұл қайта жаңғырған мереке. Республика күні- біздің үлкен және әлемдегі ең әдемі көпұлтты еліміздің тарихы, халықтың дәстүрлерінің алуан түрлілігі насихаттауға жол ашады.Біз тұратын ел сүйіспеншілікпен махаббатқа толы! Республика күні-ұлттық бірліктің және Отанымыздың бүгіні мен болашағы үшін ортақ жауапкершіліктің символы. Мұндай күн мемелекеттің дамуына елеулі әсер ететін ерекше тарихи оқиғалар қатарына жатады.

Еліміздің егемендігіне себеп болған Республика күні, патриоттық сана–сезім қалыптастыру арқылы тәуелсіздікті одан әрі нығайтуға бастау болатына сенемін!

# НЕ ТОЛЬКО ИНТЕРЕСНО, НО И ПОЗНАВАТЕЛЬНО




С. Ермолаев,
корреспондент кружка мультимедийной журналистики «newӘлемkz» ЦДЮТ «Дом Дружбы»

**Сегодня в век современных технологий ни для кого не секрет, что увлечениями современных детей является телевизор с мультфильмами, телефон с социальными сетями и другие электронные устройства. Причем эти увлечения прививаются ребятам с малых лет. Большинство родителей предпочитают приобрести ребенку интерактивную игрушку, в итоге у детей проявляется повышенная любовь к электронным устройствам, что приводит к ограничению общения и неумению детей найти себе интересные творческие увлечения и занятия.**

А можно ли отвлечь детей от телефона и телевизора и помочь найти ребятам новое не менее интересное увлечение?

Конечно, можно!

Ведь каждый ребенок любит изобретать, творить, выступать, а именно этим занимаются юные актеры-кукольники. Дети обожают смотреть сценки, которые демонстрируются при помощи кукол. Эти выступления интересны, ярки и вызывают чувство восторга.

Недавно наша команда журналистов побывала в гостях театра кукол «Шабыт» Центра детско-юношеского творчества «Дом Дружбы» и примерила на себя роль актеров кукольников, и также побеседовала с актерами кружка.

С самого начала нас ждал теплый прием, нас познакомили с видами кукол, также мы сами попробовали сделать свои первые перчаточные куклы, что оказалось не так просто, как мы думали...

Побеседовав с кружковцами, мы поняли, что кукольный театр — это не только забава для веселого времяпрепровождения, а это и большой воспитательный урок детям, где их обучают правилам общения, говорят о таких понятиях, как дружба, любовь, трудолюбие, правда, добро и зло. Во время подготовки и показа номеров у ребят формируется определенное отношение к свойствам характера персонажей, где в основном высмеиваются негативные качества: лень, зазнайство, обидчивость, капризность и т.д.

Юные актеры, принимая участие в постановке кукольного театра, развивают память, воображение, инициативность, раскрывают свои творческие способности и талант.

«Самое сложное во время спектакля играть несколько ролей одной – очень тяжело, над этим приходиться работать очень долго. Голос моментально нужно менять во время диалогов. Но для актера нет ничего невозможного», отмечает обучающаяся кружка София Баринова.

«На сегодняшний день кружковцы театра кукол «Шабыт» готовятся к новому спектаклю по мотивам всеми любимой сказки «Волшебник изумрудного города», дети уже получили свои роли, и каждый актер готовит своего персонажа своими руками, а также учат текст. Сам же спектакль запланирован на конец уходящего года», - отмечает руководитель кружка Юлия Анатольевна Сулимова.

Побывав в гостях у юных театралов, наша команда поняла, что быть актером-кукольником довольно непросто, но очень занимательно и интересно в конце своей статьи я бы хотел пожелать ребятам удачи и терпения в их нелегком труду.

## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ – МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Ж. Джумашева,
Саран қаласының полиция бөлімі

**Қазақстан Республикасы – көп ұлтты мемлекет болғандықтан, татулығы мен бейбітшілігін сақтап, ұлтаралық бірліктің маңыздылығын негіздейтін фактор – қазақ тілі болып табылады. Тіл арқылы халықтың мәдениетін, дәстүрін, дінін танып білуге болады. Тіл жоқ жерде – ұлт жоқ. Тіл – ұлттың жан дүниесі, ақыл – ойының көрінісі. Тіл мен ұлт тағдыры бір – бірімен біте қайнасқан.Оларды ажыратып қарауға болмайды.**

Қазіргі кезде қызметтерде, мемлекеттік мекемелерде іс жүргізу құжаттарының барлығы мемлекеттік тілге көшірілген. Мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілді қолдану – әрбір қызметкердің басты міндеттерінің бірі болып табылады.

Саран қаласының полиция бөлімінде мемлекеттік тіл мәселесі бір жолға қойылып, тіліміздің деңгейін көтеруде барлық жағдай жасалып келеді. Мемлекеттік тілді дамыту және қолдану мәселесі бақылаудан тыс қалып көрген емес. Ішкі және сыртқы коммуникациялар тобының басты міндеттері полиция бөлімінде мемлекеттік тілдің қолдануын қамтамасыз ету, қызметкерлердің мемлекеттік тілді үйренуін ұйымдастыру, «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын насихаттау және түсіндіру, нормативтік құқықтық актілерді және полиция бөлімінің өзге де құжаттарын редакциялау, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де қызметтерді жүзеге асыру болып табылады.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың іс – шаралар жоспарына сәйкестендірілген, Саран қаласының ПБ-де өз жұмыс жоспары бекітілген. Жоспарда мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған іс- шаралар көрсетілген. Мемлекеттік тілдегі шығыс және кіріс құжаттарының көлемі үнемі өсу үстінде. «Мемлекеттік тіл – барлық қазақстандықтарды біріктіретін фактор болуы тиіс», – деген мағыналы сөздер арқылы, мемлекеттік тілді дамыту бойынша нақты міндеттер жүзеге асуда.

Осыған орай, осы салада атсалысып жұмыс істейтін барлық қызметкерлерді 25 – қазан Қазақстан Республикасы күнімен құттықтай отырып, қиындығы мен қызығы қатар жүретін қызметтерінізге зор табыс, отбасыларыңызға амандық, бақ – береке, бірлік тілеймін.

Отанымыз – Қазақстан Республикасының гүлденуі жолындағы қызметтеріңізде сәттілік болсын!

## РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

# ҚАРАУСЫЗ ҚАЛҒАН ҚАРТТАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАЖЕТ

Шапағат ШАРАПАТҰЛЫ

**Ата-бабадан жалғасып келе жатқан қазақ халқының өнегелі қасиетінің бірі – қариясын құрметтеу. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деп бекер айтылмаса керек. Қазақ халқы қашанда қариясына ізет пен құрмет көрсеткен. Дей тұрғанмен, кейбір қарияларымыздың сый-құрметке бөленбей, үй шаруасын жалғыз өзі атқарып жүргені қынжылтады.**

Саран шаһарында да жалғызбасты жеке тұрушы аға буын өкілдері бар. Оларға Саран қаласының әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту бөлімінің әлеуметтік қызметкерлері қызмет көрсетуде.

Жалғыз басты қалған қарт адамдарға материалдық көмектен бұрын жылы лебіз бен ашық көңіл қажет. Тағдыр тауқыметінің басына салған жалғыздығы жанын жегідей жейтіні анық.

«Атадан бата алған жас азбайды» — деп қарттарды қадірлеуші еді дана халқымыз. Алайда қартайған шағында өз баласы өзектен теуіп, теріс айналатындар да баршылық.

Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің. Балалы болса да, байыбына бара алмайтындарға амал қанша. Немересін бауырына басып, бір иіскеуге зар қаншама қартымыз бар.

Қараусыз қалған қарттарға қамқорлық қажет деген қағидатты берік ұстанған Саран қаласының жастар ресурстық орталығы Республика күні қарсаңында «Ардағым-ардагерім» акциясын іске қосқан болатын.

Акцияны мақсаты – жалғыз басты қарт және мүгедектерге көмек көрсету болып табылады. Аталмыш акцияны Саран қаласы оқу орындарының еріктілері қолдады. Олардың ішіндегі ең белсенділері Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары нуманитарлы-техникалық колледжінің еріктілерін ерекше атап өтуге болады. Жастар ресурстық орталығымен біріккен еріктілер шаһардағы аға буынның жалғызбасты өкілдері тұратын аула аумақтарын жинауға ат салысты.






Акция аясында еріктілер Жеңіс көшесі 63 – 2 мекенжайы бойынша тұратын жалғызбасты қарт Борис Васильевич Сахаровтың, Жеңіс көшесі 65 – 3 мекенжайы бойынша тұратын Лидия Васильевна Локшинаның, Тимирязева 3 – 1 мекенжайы бойынша тұратын Александра Ивановна Паимцеваның, Жеңіс көшесі 66 – 2 мекенжайы бойынша тұратын Николай Иванович Сай мен Нина Андреевна Сайдың үйіне барып, отын кесу және су әкелу, аулаларын тазарту сынды тұрмыстық жұмыстар жасап, түрлі көмек көрсетті.

Қиналған кезінде қамқорлыққа бөленген қарттар Жастар ресурстық орталығы мен еріктілер тобына ризашылықтарын білдіріп, өздерінің баталарын беріп жатты.

«Алдымен барша жерлестерімді Республика күнімен құттықтаймын. Ал Жастар ресурстық орталығы мен еріктілерге ерекше алғысымды білдіремін. Осындай қайырымды жастарымыз көп болса, еліміз дамып, гүлдене береді деп мен сеніммен айта аламын. Еліміз дами берсін, Отанымыз тыныш болсын! Ал жастарға рахмет айта отыра, алдағы өмірлеріне тек қана бақыт тілеймін», - деді Жеңіс көшесі 66 – 2 мекенжайы бойынша тұратын жалғызбасты аға буынның өкілі Николай Иванович.

Волонтерлік қызмет шын мәнінде мұқтаж жандар үшін баға жетпес көмек болып есептеледі. Өкінішке орай, жалғыз басты қарт адамдар біздің қаламызда бар. Сол себептен барлық бей-жай қарамайтын адамдардан қарт адамдарды қолдауларын сұраймыз дейді Саран қаласы жастар ресурстық орталығының басшысы Дидар Нықаш.

«Республика күні қарсаңында біз жалғызбасты қариялар мен мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсетіп жатырмыз. Қазір жастар аулаларды түрлі қоқыстардан тазартып жатыр. Бұл бір реттік шара емес. Еріктілер үнемі мұқтаж адамдарға осындай қолдау көрсетіп тұрады», - дейді Саран қаласы жастар ресурстық орталығы басшысының міндетін атқарушы Дидар Нақыш.






## КО ДНЮ РЕСПУБЛИКИ

# НОВЫХ СПОРТИВНЫХ ДОСТИЖЕНИЙ!

Надежда ЦХАЙ

**В конце прошлой недели прошел Кубок акима города Сарани по волейболу, который на протяжении ряда лет является популярным спортивным мероприятием. Под знаменами этого мероприятия собираются спортсмены – любители, поклонники этой массовой игры.**

В этот день на спортивных полях Саранского высшего гуманитарно – технического колледжа имени Абая Кунанбаева и СДЮШОР играли около двадцати команд, чтобы не только получить заветный кубок, но и зарядиться позитивными эмоциями, хорошим настроением, а главное – найти таких же единомышленников – поклонников здорового образа жизни, активных, инициативных горожан, работников различных предприятий и организаций. Поэтому проходящий ежегодно Кубок акима по волейболу можно смело назвать одним из самых посещаемых и ожидаемых спортивных мероприятий.

Обращаясь к игрокам, аким города Сарани Е. Баулыков поздравил участников с наступающим Днем Республики и пожелал удачи, красивых побед и новых спортивных достижений.

Также участников этого массового спортивного праздника поздравил ветеран спорта В. Феданов и главный судья соревнований Ж. Жаяубаев.

Стоит отметить, что в играх принимали участие как постоянные участники, так и новички, Но всех объединяло одно – ожидание победы, азарт от хорошей захватывающей игры и, конечно, на протяжении всех соревнований на всех полях царил дух соперничества. Но спорт есть спорт. И здесь сразу же определились свои фавориты, которые буквально заряжали и болельщиков, и товарищей по игре своим азартом, позитивной энергией, теплыми искренними эмоциями. Поэтому хотелось бы назвать в первую очередь победителей. Среди мужских команд: 3 место - ТОО "Меткан", 2 место - команда СДЮШОР, 1 место - СВГТК им. А. Кунанбаева. Среди женских: 3 место - СВГТК им. А. Кунанбаева, 2 место - ГУ "Отдел культуры, развития языков, физической культуры и спорта г. Сарани" , 1 место - сборная команда любителей .

Мы поздравляем всех участников Кубка акима по волейболу с заслуженными победами и желаем достижения поставленных целей, новых рекордов и хороших игр!





РЕСПУБЛИКА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

# ТАТУЛЫҚТЫҢ ТАЛ БЕСІГІ - БАЛАБАҚШАДА

Шапағат ШАРАПАТҰЛЫ
Суретті түсірген автор

**Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген.**

